

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 1 (130)/2020

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020
Nur-Sultan, 2020
Нур-Султан, 2020

Бас редакторы
Г.Ж. Менлибекова,
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары
(психология)

А.Р. Ерментаева, п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары
(әлеуметтану)

Н.О. Байғабылов, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Есенғалиева А. М.	п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Отар Э. С.	PhD (Қазақстан)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-
Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 30 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500
(ішкі 31410)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof.(Kazakhstan)
G.Zh.Menlibekova

Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Esengalieva A.M	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Otar E.S.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.
Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18
Periodicity: 4 times a year
Circulation: 30 copies
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31410)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор
д.п.н., профессор
Г.Ж. Менлибекова (Казахстан)

Зам. главного редактора
(психология)

А.Р. Ерментаева, д.пс. наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора
(социология)

Н.О. Байгабылов, PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Есенгалиева А. М

к.п.н., доцент (Казахстан)

Иванова Г.П.

д.п.н. (Россия)

Исламова З.М.

к.п.н., доцент (Россия)

Калдыбаева О.В.

PhD (Казахстан)

Колева И.

докт. (Болгария)

Отар Э. С.

PhD (Казахстан)

Сейтказы П.Б.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Сунарчина М.М.

д.с.н., проф. (Россия)

Толубекова Р.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Уразбаева Г.Т.

д.п.н., доцент (Казахстан)

Хан Н.Н.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хаяти Тюфекчиоглу

д.с.н., проф. (Турция)

Шайхисламов Р.Б.

д.с.н., проф. (Россия)

Шалгынбаева К.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 402,

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 30 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31410)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Аипова А.К.</i> Этникалық сана-сезімнің құрылымы мен мәні	8
<i>Албытова Н.П.</i> Білім алушының қауіпсіз және жайлы білім беру ортасы	19
<i>Аманова А.К., Сармурзин Е.Ж.</i> Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі: мәні мен қалыптастыру мүмкіндігі	25
<i>Аширова Ж.У., Жолдасбекова С.А.</i> Колледждің мәдени және білім беру ортасында студенттердің құқықтық мәдениетін оқыту принциптері	31
<i>Балтабаева Ж.Б., Абибулаева А.Б.</i> Табыс факторларының оқу кешеніндегі стратегиялық басқаруына әсері	38
<i>Гриценко А.П.</i> Болашақ «Тарих» пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістерін анықтауда мультимедиялық технологияларды қолдану	45
<i>Джантасова Д.Д., Тентекбаева Ж.М.</i> ЖОО студенттерінің көптілді білім алуы мәдениетаралық қарым-қатынастың тиімділік факторы ретінде	53
<i>Жилбаев Ж.О., Наурызбай Ж.Ж., Паевская Е.В.</i> «Мәңгілік Ел» құндылықтарының педагогикалық негіздері	59
<i>Изотова А.С., Тулегенова М.К.</i> Техникалық жоғары оқу орындары студенттерінің өзіндік жұмысы кезінде Edmodo платформасын қолдануы	68
<i>Кабылова М.С., Абишев Н.А.</i> Педагогикалық кадрларының кәсіби қызметін ғылыми ұйымдастыру	75
<i>Құрманбаева Д.Қ.</i> Шет тілі сабақтарында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын жетілдіру	83
<i>Менлибекова Г.Ж., Дальбергеннова Л.Е., Ахметова А.Ж.</i> Сахналық ойын жоғары оқу орнында шет тілін оқытудың инновациялық әдісі ретінде	89
<i>Нурбекова Ж.К., Байғушева Б.М.</i> Цифрлық дидактиканың қалыптасуына білім берудің цифрлық трансформациясының әсері	96
<i>Рахимжанова М. М., Бигарстанова К. К.</i> ЖОО студенттерінің экологиялық санасын дамытудың әлеуметтік-педагогикалық шарттары	102
<i>Стамбекова А.С.</i> «Бастауышта көптілді оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша модульдік білім беру бағдарламасының ерекшелігі	115
<i>Трапицын С.Ю., Туякова У.Ж., Орынбекова А.С.</i> Мемлекеттің әлеуметтік және білім беру саясатын жүзеге асырудың заманауи мәселелері	121
<i>Шалғынбаева Қ.Қ., Махадиева А.К., Бекир Булuch.</i> Отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалту жүйесі	128
<i>Шуиншина Ш.М., Альпеисов Е.А., Тұяқов Е.А., Дюсов М.С.</i> Қазақстанның жаратылыстану-математикалық білім саласының дамуы туралы	139

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Абенова К.А., Амирбекова Г.Е.</i> Аутизм синдромды балалардың қоғамға бейімделу мүмкіндіктері және «Асыл Мирас» аутизм орталығының тәжірибесі	148
<i>Ибраимова А.Б., Ерментаева А.Р.</i> Жеткіншектік жастағы психологиялық дамудың теориялық негіздері	159
<i>Кривицова Т.М.</i> Дағдарыс жағдайларындағы жыныс-жастық мінез-құлықтың ерекшеліктері	168
<i>Стельмах С.А., Мацкевич И.К., Дергачева Е.В., Барабанова Е.И.</i> Пропедевтика инклюзии для детей с тяжелыми психоневрологическими расстройствами: возможности аудиотренировок по методу А. Томатис	177
<i>Тенкебаева А.З., Иманбекова Г.Б.</i> Студенттердің денсаулығын сақтаудағы психологиялық сүйемелдеу мәселелері	190

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Байгабылов Н.О., Мұсабаева А.Б.</i> Қазақстандық өзбектер: өзбек жасөспірімдерін әлеуметтанулық зерттеу	196
<i>Мустафина А.С., Амитов С.А.</i> «Perceived Social Support Scale» сауалнамасын бейімдеу: ішкі келісімділік және факторлық талдау	206

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Aipova A.K.</i> The Structure and the Essence of the Ethnic Identity	8
<i>Albytova N.P.</i> Safe and comfortable educational environment of a learner	19
<i>Amanova A.K., Sarmurzin Y. Zh.</i> Professional competence of future educational psychologists: its essence and formation possibilities	25
<i>Ashirova Z.U., Zholdasbekova S.A.</i> Principles of education of the legal culture of students in the cultural and educational environment of college	31
<i>Baltabayeva Zh.B., Abibulayeva A.B.</i> The impact of success factors on the strategic management in an educational complex	38
<i>Hrytsenko A.P.</i> Determine the methods of forming the professional competence of future history teachers using multimedia technologies	45
<i>Jantassova D.D., Tentekbayeva Zh.M.</i> Multilingual education of university students as a factor of cross-cultural communication efficiency	53
<i>Zhilbayev Zh.O., Nauryzbay Zh.Zh., Payevskaya E.V.</i> Pedagogical principles of values of «Mangilik El»	59
<i>Izotova A.S., Tulegenova M.K.</i> Use of the Edmodo platform in the students' independent work at technical university	68
<i>Kabylova M.S., Abishev N.A.</i> Scientific organization of Pedagogical staff professional activities	75
<i>Kurmanayeva D.K.</i> Improving critical thinking in students in foreign language classes	83
<i>Menlybekova G.Zh., Dalbergenova L.E., Akhmetova A.Z.</i> Stage game as an Innovative Approach of Teaching a Foreign Language in Higher Educational Institutions	89
<i>Nurbekova Zh.K., Baigusheva B.M.</i> The Impact of Digital Transformation of Education on the formation of Digital Didactics	96
<i>Rakhimzhanova M. M., Bigarstanova K.K.</i> Socio-pedagogical conditions for the development of environmental awareness of university students	102
<i>Stambekova A.S.</i> Features of the modular educational program in the specialty «Pedagogy and methodology of primary education with multilingual training»	115
<i>Trapitsyn S.Yu., Tuyakova U.Zh., Orynbekova A.S.</i> Modern problems of the implementation of social and educational policy of the State	121
<i>Shalgynbayeva K.K., Makhadiyeva A.K., Bekir Buluç.</i> Socio-pedagogical system of rehabilitation of women victims of domestic violence	128
<i>Shuinshina S., Alpeissov Y., Tuyakov Y., Dyussov M.</i> On the development of natural-mathematical education in Kazakhstan	139

PSYCHOLOGY

<i>Abenova K.A., Amirbekova G.Y.</i> Opportunities to adapt for children with autism syndrome in society and the experience of center «ASYL Miras»	148
<i>Ibraimova A.B., Yermentayeva A.R.</i> Theoretical foundations of psychological development of adolescence	159
<i>Kravtsova T. M.</i> Age and gender features of behavior in crisis situations	168
<i>Stelmakh S.A., Matkevich I.K., Dergacheva Ye.V., Barabanova E.I.</i> Propaedeutics of inclusion for children with severe neuropsychiatric disorders: the possibility of audio training by the method of A. Tomatis	177
<i>Tenkebaeva A.Z., Imanbekova G.B.</i> Problems of psychological support in the protection of students' health	190

SOCIOLOGY

<i>Baigabylov N.O., Mussabayeva A.B.</i> Uzbeks in Kazakhstan: sociological research on Uzbek youth	196
<i>Mustafina A.S., Amitov S.A.</i> Adaptation of the questionnaire's "Perceived Social Support Scale": internal consistence and factor analysis	206

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Аипова А.К.</i> Структура и сущность этнического самосознания	8
<i>Албытова Н.П.</i> Безопасная и комфортная образовательная среда обучающегося	19
<i>Аманова А.К., Сармурзин Е.Ж.</i> Профессиональная компетенция будущих педагогов-психологов: ее сущность и возможности формирования	25
<i>Аширова Ж.У., Жолдасбекова С.А.</i> Принципы воспитания правовой культуры студентов в культурно-воспитательной среде колледжа	31
<i>Балтабаева Ж.Б., Абибулаева А.Б.</i> Влияние факторов успеха на стратегическое управление в образовательном комплексе	38
<i>Гриценко А.П.</i> Определение методов формирования профессиональной компетентности будущих учителей истории с использованием мультимедийных технологий	45
<i>Джантасова Д.Д., Тентекбаева Ж.М.</i> Полиязычное образование студентов вуза как фактор эффективности межкультурного общения	53
<i>Жилбаев Ж.О., Наурызбай Ж.Ж., Паевская Е.В.</i> Педагогические основы ценностей «Мәңгілік Ел»	59
<i>Изотова А.С., Тулегенова М.К.</i> Использование платформы Edmodo при самостоятельной работе студентов технического вуза	68
<i>Кабылова М.С., Абишев Н.А.</i> Научная организация профессиональной деятельности педагогических кадров	75
<i>Қурманаева Д.К.</i> Совершенствование критического мышления у обучающихся на занятиях иностранного языка	83
<i>Менлибекова Г.Ж., Дальберженова Л.Е., Ахметова А.Ж.</i> Сценическая игра как инновационный метод обучения иностранному языку высших учебных заведений	89
<i>Нурбекова Ж.К., Байгушева Б.М.</i> Влияние цифровой трансформации образования на формирование цифровой дидактики	96
<i>Рахимжанова М.М., Бигарстанова К.К.</i> Социально-педагогические условия развития экологического сознания студентов вуза	102
<i>Стамбекова А.С.</i> Особенности модульной образовательной программы по специальности «Педагогика и методика начального обучения с полиязычным обучением»	115
<i>Трапцын С.Ю., Туякова У.Ж., Орынбекова А.С.</i> Современные проблемы реализации социальной и образовательной политики государства	121
<i>Шалғынбаева Қ.Қ., Махадиева А.К., Бекир Булuch.</i> Социально-педагогическая система реабилитации женщин пострадавших от домашнего насилия	128
<i>Шунишина Ш.М., Альпеисов Е.А., Туяков Е.А., Дюсов М.С.</i> О развитии естественно-математического образования Казахстана	139

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Абенова К.А., Амирбекова Г.Е.</i> Возможности адаптации для детей с синдромом аутизма в обществе и опыт центра «Асыл Мирас»	148
<i>Ибраимова А.Б., Ерментаева А.Р.</i> Теоретические основы психологического развития подросткового возраста	159
<i>Кравцова Т.М.</i> Половозрастные особенности поведения в кризисных ситуациях	168
<i>Стельмах С.А., Мацкевич И.К., Дергачева Е.В., Барабанова Е.И.</i> Пропедевтика инклюзии для детей с тяжелыми психоневрологическими расстройствами: возможности аудиотренировок по методу А. Томатис	177
<i>Тенкебаева А.З., Иманбекова Г.Б.</i> Проблемы психологического сопровождения в здоровьесбережении студентов	190

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Байгабылов Н.О., Мұсабаева А.Б.</i> Узбеки Казахстана: социологическое исследование узбекской молодежи	196
<i>Мустафина А.С., Амитов С.А.</i> Адаптация опросника «Perceived Social Support Scale»: внутренняя согласованность и факторный анализ	206

XFTAP 15.31.31

А.Б. Ибраимова, А.Р. Ерментаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: inkar_90_04@mail.ru erasem@mail.ru)

Жеткіншектік жастағы психологиялық дамудың теориялық негіздері

Аннотация. Мақалада тұлға қалыптасуының ең маңызды кезеңі болып табылатын жеткіншектер жасындағы негізгі теорияларға назар аударылады. Жеткіншектердің психологиялық даму мәселелерін қарастырған шетел және орыс ғалымдарының еңбектеріне, осы кезеңдегі бірқатар психологтар Г.С. Холлдың рекапитуляция теориясы, Э. Шпрангердің мәдени-тарихи концепциясы, Э. Эриксонның эпигенетикалық теориясы, Ж. Пиаженің когнитивті даму теориясы және т.б. теориялар тарихына шолу жасалып, талқыланады. Мақалада жеткіншектік кезеңге өту барысында баланың жеке дамуына әсер ететін жағдайлардың терең өзгерістері сипатталады. Олар ағзаның физиологиясының өзгеруінен бастап, жеткіншектерде ересек адамдармен және құрдастарымен қалыптасқан қарым-қатынасы, танымдық процестердің дамуы, жаңа қызығушылықтардың пайда болуы, жеткіншек жастағы интеллектуалды даму, «ересектік сезімнің» пайда болуы, өзіндік «Меннің» ашылуы және т.б. өзгерістер. Мақала соңында жеткіншек жастың негізгі теорияларына жалпы қорытынды жасалған.

Түйін сөздер. Жеткіншек жас теориясы, жеткіншектер матрицасы, рекапитуляция, эпигенетикалық теория, когнитивті даму теориясы, жеткіншектер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-130-1-159-167>

Түсті: 4.09.19/ **Жарияланымға рұқсат етілді:** 21.01.20

Жеткіншектік жас туралы ғылымда көптеген іргелі зерттеулер, гипотезалар мен теориялар бар. Жеткіншектік жастағы психикалық даму теориясын құру өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Мұндай теориясыз ғылыми негізделген тәжірибе құрылуы мүмкін емес. Жеткіншектердің психикалық дамуының теориялары осы кезеңнің негізгі жаңалықтарын ашып, оның даму үрдісін түсіндіруі, көздерін, жағдайларын және қозғаушы күштерін көрсету керек [1].

Жеткіншек психологиясын зерттеу тарихы АҚШ-та, жеткіншек психологиясының «атасы» болып саналатын **Гранвилл Стенли Холлдан** бастау алады. Алғаш психология ғылымының докторы дәрежесін алған Холл Құрама Штаттарда да, Еуропада да қоғамдық ғылымдардағы барлық жаңалықтарға қызығушылық танытты. 1904 жылы Г.С. Холлдың 2 томдық *Adolescence: Its Psychology, and Its Relations to Pysiology, Authopology, Sociology, Sex, Crime, Religionand Education* атты еңбегі жарыққа шығады. Оның кейбір тараулары 1920 жылдары орыс тілінде жарыққа шығарылды. Г.С.Холлдың бұл жұмысы жеткіншек психологиясында алғашқы фундаменталды зерттеу болды. Тіпті бүгінде қалың екі томнан тұратын кітабындағы ақпараттың үлкен санына және деректерді талдау сапасына, әсіресе жеткіншек жасына тән физикалық жетілудің, патология мен құқық бұзушылықтардың көптеген аспектілері егжей-тегжейлі қарастырылған бірінші тарауларына танданбауға болмайды. Әдіснамалық және теориялық тұрғыдан Холл, мұнда генетикалық психологияның негізін қалаушы ретінде бүгінгі күні де өзінің өзектілігін сақтап отырған сұрақтарды қояды.

Осы кезеңдегі күшті энергия оның пікірінше, «өсу нүктесі» болып табылады. «Егер бізге бір кездері жоғары деңгейге жету бұйырса, оның қозғаушы күші жеткіншектік болады», - дейді С.Холл [2,20].

Психолог жеткіншектік кезеңді «дауыл мен шабуыл» кезеңі деп атады. Жеткіншектіктің дауыл және шабуыл дәуірі атауы - психология тарихына Г.Холлдың теориясының

маркері ретінде кірді.

С. Холл алғаш рет жеткіншек жастың психологиялық ерекшеліктерін сипаттап, жеткіншектердің мінез-құлқының қарама-қайшылықтарын көрсетті. Л.С.Выготский Холлдың теориясын талдай отырып, мұндай қарама-қайшылықтарды 12 есе бөліп көрсетуге болатынын байқады. Бұл қарама-қайшылықтар қазіргі уақытта қолданыстағы «жеткіншектер матрицасы» болып қала береді:

- 1) шамадан тыс белсенділік-сарқылуға ауысады;
- 2) көтеріңкі көңіл-күй – көңіл-күйдің түсуіне;
- 3) өзіне деген сенімділік – ұялшақтық пен корқақтыққа;
- 4) эгоизм – альтруизмге;
- 5) жоғары адамгершілік ұмтылу-ойшыл;
- 6) қарым-қатынасқа құмарлық-тұйықтылыққа;
- 7) әсерлену-апатияға;
- 8) қызығушылық-ақыл ойдың енжарлығына;
- 9) оқуға деген құштарлық-оны елемеуге;
- 10) өзімшілдік-қарапайымдылыққа;
- 11) қызығушылық - толық немқұрайлылық сезіміне;
- 12) романтикалық көңіл-күй-депрессияға ауысады.

Сондай-ақ, Г.С. Холл жеткіншек жасты түсіндіруде жыныстық жетілудің рөлі және соған байланысты уайымдарға назар аударғандардың бірі болды. Ол психологияға жеткіншек жасты дамудың дағдарыстық кезеңі ретіндегі түсінікті енгізді. С. Холл рекапитуляция теориясына сәйкес тұлғаның дамуындағы жеткіншектік кезең адамзат тарихындағы романтизм дәуіріне сәйкес келеді деп санады. Бұл балалар мен ересектіктің арасындағы аралық кезең. С. Холл жеткіншек жастағы дағдарысты, жағымсыз құбылыстарды онтогенездегі осы кезеңнің ауысуымен, аралығымен байланыстырды. Ол жеткіншектік кезеңнің мазмұны болып табылатын осы кезеңдегі өзін-өзі түсіну дағдарысын жеңу арқылы «даралық сезіміне» ие болатын, даму процесстерінің биологиялық шарттарына сүйенді.

Г.С.Холл өз тұжырымдамаларын эмпирикалық фактілерге негіздей отырып жасағанын айта кету керек. Ол алғашқылардың бірі болып сауалнамалар әзірледі, оның сұрақтарына жеткіншектер өздерінің сезімдері, уайымдары, көзқарастары, басқа адамдармен қарым-қатынасы туралы жауап берді [3, 40-42].

Жеткіншектер психологиясын зерттеуге үлкен үлес қосқандардың қатарында Ш.Бюлер де бар. Л.С. Выготский оның теориясын биопсихологиялық теория ретінде анықтады, өйткені жеткіншектердің психологиялық сипаттамалары негізінен биологиялық факторлармен түсіндіріледі.

Ш. Бюлер өз жұмыстарында жеткіншектер жасын пубертатты кезең деп атайды. Ол ең алғаш рет жеткіншектік кезеңдегі үш фазаны бөліп көрсетті: физикалық пубертаттық, негативті кезең, позитивті кезең. Бұл фазалар қазіргі уақытқа дейін проблеманы теориялық талдау контексінде де, әсіресе педагогикалық ұсыныстар беру кезінде де қолданылады.

Оның түсінігінше бұл кезеңнің ерекшеліктерін түсіну, ең алдымен, жыныстық жетілу кезеңі ретінде осы ерекшеліктердің биологиялық табиғатына көңіл аударады. Осыған байланысты жаңа қажеттілік пайда болды. Оны Ш. Бюлер «толығыудың қажеттілігі» деп атады. Автор «толығыудың қажеттілігі» ұғымын қарама-қарсы жыныстағы басқа адаммен қарым-қатынас жасауға ұмтылу ретінде қолданады, онда тек жыныстық белсенділік ғана емес, сонымен қатар дос болуға, сүйуге дайын болу маңызды болып табылады. Мұнда жеткіншектің «Мені «Сенмен» кездесу үшін ашылуы керек. Бұл пубертат кезеңінің биологиялық мағынасы болып табылады [4,9-19].

Л. С. Выготский Бюлердің теориясын талдай отырып, оның еңбегін пубертаттағы психикалық үдерістерді жыныстық жетілу процесіне қарапайым параллель ретінде қарастырмай, олардың күрделі өзара байланысы мен өзара әсер етуін көрсетуінен көреді.

Дегенмен, Бюлер теориясының жетіспеушілігі ретінде ол жыныстық жетілудің биологиялық факторының басымдығын атап өтеді.

Осы бағыттың ең танымал өкілдері У. Штерн және Э.Шпрангер.

В. Штерн, неміс психологі және философ, дифференциалдық психологияның негізін қалаушылардың бірі, дербестік концепциясын жасаушы, интеллект тестін алғашқы әзірлеушілердің бірі ретінде психология тарихына кірді. Ол, атап айтқанда, «интеллект коэффициентін» (IQ) енгізді. Э. Штерн жеткіншектер жасын жеке тұлғаның қалыптасу кезеңдерінің бірі ретінде қарастырды.

Жеткіншектердің психологиясын В. Штерн оның жеке тұлғасының даму призмасы арқылы қарастырды. Ол осы кезеңде өмірлік бірліктің бұзылуы және сыртқы әлемге бұрылу орын алады деп ойлады. Жеткіншек пен сыртқы әлем арасында пайда болатын шиеленісті жеңу үшін жеткіншек өзін, өз сезімдері мен ниеттерін сезінуі тиіс. В. Штерн жазғандай, жеткіншек алдымен өзінің «Менін» ашуы керек [3,45].

В. Штерн жеке тұлғаны қалыптастырудағы ең маңызды буын белгілі бір құндылықты бастан кешіру деп санады. Мысалы, ол құндылықтардың 6 түрін және жеке тұлғалардың тиісті типтерін бөліп көрсетеді:

- теоретикалық тип (шындықты объективті тануға бағытталған ұмтылу);
- эстетикалық тип (бірлік жағдайды тұтас тануға ұмтылу);
- экономикалық тип (ең аз күш шығынымен ең көп нәтижеге қол жеткізуге ұмтылу);
- әлеуметтік тип (өмірдің мәні қарым-қатынастан, махаббаттан және басқа адамдар үшін өмір сүруден құралады);
- саяси тип (үстемдікке, билікке және оның ықпалына ұмтылу);
- діни түрі (жеке құбылыстың өмірдің жалпы мағынасымен байланысы).

Неміс философы, педагог және психолог Э. Шпрангер 1924 жылы 25-тен астам қайта басылып шыққан және неміс психологиясының одан әрі дамуына айтарлықтай ықпал еткен «Психология юношеского возраста» атты кітабын жариялады. Автор жеткіншектік жас жасөспірім жасының фазасын құрайды деп санады, оның шекарасы қыз балаларда 13-19 жас аралығы және ер балаларда 14-22 жас аралығы. Жасөспірімдік жас мәдениетке айналу кезеңі ретінде қарастырылды, онда әлеуметтік нормаларды, талаптарды, ережелер мен формаларды меңгеруге ерекше назар аударылуы тиіс.

Шпрангердің жұмыстарын жалпылай келе Л.С. Выготский жеткіншек кезеңді сипаттайтын негізгі үш белгіні көрсетеді:

1. өзіндік «Меннің» ашылуы
2. өмірлік жоспардың пайда болуы
3. жекелеген өмір аумақтары мен мәдениет салаларына ену.

Э. Шпрангер жеткіншек жастың мәдени-рухани тұжырымдамасын әзірледі. Э. Шпрангер бойынша жеткіншектік жас - бұл мәдениетке ену жасы. Ол жеткіншек дамуының үш типін сипаттады:

Бірінші тип жеткіншектік жаңа «Мен» қалыптасатын күрт, қарқынды, әрі дағдарыстық ағыммен сипатталады. Дамудың екінші типі жеткіншек ересектік өмірге баяу, біртіндеп өсу арқылы енуімен сипатталады. Үшінші тип жеткіншек өзінің ішкі мазасыздығы мен дағдарыстарын өз күшімен жеңіп, өзін белсенді және саналы түрде тәрбиелеу арқылы дамытумен сипатталады.

Э. Шпрангер махаббат көрінісінің жақтары ретінде жеткіншек жастағы эротика мен сексуалдық ерекшеліктеріне үлкен мән береді. Эротика махаббаттың жан-дүниелік формасы-эстетикалық махаббат ретінде қарастырылады [5, 33-35].

Жеткіншектік кезеңді зерттеуде З. Фрейдтің жұмыстарынан бастау алатын психоаналитикалық теориялар ерекше орын алады. З. Фрейдтің революциялық идеясы бойынша, жыныстық қатынас пубертаттың басталуымен емес, бала дүниеге келген

алғашқы күннен бастап оянады. Баланың даму кезеңдері З. Фрейд бойынша, шын мәнінде сексуалдық дамуды, нақты айтқанда, әр сатыға тән эротикалық аймақтар бойынша өмірлік, жыныстық энергияның (либидо) қозғалысын білдіреді. Яғни, З. Фрейдтің айтуынша, жеткіншек кезеңінің ерекшелігі, эрогенді аймақтар генитальдік приматқа бағынады.

Сонымен қатар, жеткіншектер жасы туралы зерттеулер З.Фрейдтің қызы Анна Фрейдтің еңбектерінде үлкен орын алды. Жеткіншектер психологиясын түсіндіруде ол пубертаттың басталуымен алдыңғы-латентті-сатыда психика құрылымының элементтері: Ид, Эго және Суперэго арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы туралы түсініктен туындады. А. Фрейд психоанализде бірінші болып жеткіншектер үшін ерекше алты қорғаныс механизмдерін сипаттады [3,48-50]. Атап айтқанда:

- Либидоны ығыстыру арқылы қорғану;
- Аффект арқылы қорғану;
- Либидоны өзіне бұру арқылы қорғану;
- Регрессия көмегімен қорғану;
- «Аскетикалық» жеткіншек;
- «Ымырасыз» жеткіншек.

А. Фрейд идеялары жеткіншектер мен жасөспірімдердің даму кезеңдерін зерттеуде көптеп қолданылды. Оның шәкірті Э. Эриксонның жұмыстары танымалдылыққа ие болды.

Классикалық даму теорияларының ішінде жеткіншек жасына Э. Эриксонның тұжырымдамасында барынша көңіл бөлінді, оның негізінде эпигенетикалық қағида жатыр. Даму өмір бойы жүзеге асырылады және ол сегіз кезеңді қамтиды. Жеткіншектік - бұл тұлғаның өмір жолының бесінші кезеңі, оның ұзақтығы жеті жыл (12-ден 19 жасқа дейін). Э. Эриксонның өткен ғасырдың ортасында ұсынған эпигенетикалық теориясы қазіргі уақытқа дейін жас ерекшелік психологиясында және жеткіншек психологиясын зерттеу саласында үлкен сұранысқа ие болып табылады.

Эпигенетикалық принцип-психикалық дамуды қоғам қабылдайтын әлеуметтік қатынастар мен әлеуметтік ой-өрісінің радиусын кеңейтуге бағытталған сатылы, болжамды процесс ретінде түсіну [6].

Э. Эриксонның пікірінше, жеткіншектерде кездесетін міндеттердің бірі-осы уақытқа дейін алынған барлық білімді өз бетінше жинау және осы өзінің көптеген бейнелерін жеке бірегейлікке біріктіру. Бірегейлік-жеткіншектердің өзіндік санасын сипаттауда қолданылатын кілт сөз болып табылады. Басқа адамдарға қатысты өзінің бірегейлігін саналы зерттеу, интегративтік бастауды іздеу Эриксонға сәйкес жеткіншек жастағы тұлғалық дамудың негізгі мазмұнын құрайды [7].

Балалар мен жеткіншектердің когнитивтік даму теориясын швейцар психологы,философ – Ж.Пиаже жасады. Ж. Пиаже баланың тууынан ерте жастыққа (15-17 жас) дейін интеллектінің даму теориясын жасап, эксперименталды түрде растады. Ж. Пиаженің жеткіншек психологиясына қосқан үлесі когнитивті дамуды терең талдаудан тұрады. Ж. Пиаже талдауы бойынша, ақыл-ойдың дамуы баланың заттық іс-әрекет тәжірибесі негізінде құрылады, бастапқыда материалдық, нақты тұрғыда, содан кейін — идеалды, ойлау тұрғысынан. Ақыл-ойдың дамуы Ж.Пиаже және оның әріптестерінің зерттеулерінде әрқайсысы белгілі бір операциялық құрылыммен сипатталатын кезеңдерде жүзеге асатындығы дәлелденген. Сондықтан оның бұл тұжырымдамасы операциялық деп аталады. Ол жас кезеңдеріне сай ақыл-ойдың дамуының 4 кезеңін бөлді: сенсомоторлық, операция алды, нақты операция, формальды операция.

Ж. Пиаже көзқарасы бойынша, бүкіл жеткіншектер бойында зияткерлік дамудың жоғары сатысының біртіндеп қалыптасуы орын алады. Жеткіншектің ойлауы баланың ойынан түбегейлі ерекшеленетін ересек адамның ойлауына айналады. Бұл ретте Ж. Пиаже жеткіншектер мен ересектер бұл деңгейге жете бермейді, ал қол жеткізген адамдар оны әрқашан пайдаланбайтынын арнайы атап көрсетеді.

«Осылайша, Ж. Пиаже теориясына сәйкес жеткіншектер кезеңінде интеллектуалдық дамудың негізгі құралдары: жалпылау және абстрактілеу мүмкіндіктері, тікелей қабылданатын фактілерге сүйенбей күрделі міндеттерді шеше білу, логикалық ойлау, себеп-салдарлық байланыстарды орнату қабілеті, гипотетико-дедуктивтік ойлау қабілеті, өз ой-пікірлерінің басталуына қайта оралу қабілеті, өз ой-пікірлерінің барысын сыни талдау болып табылады» [3, 68-72].

Ресейлік психологтардың ішінен жеткіншек жас теориялары Л.С.Выготский, Л.И.Божович, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, А.В.Петровскийдің еңбектерінде кездеседі. Л.С.Выготскийдің жеткіншек жас туралы зерттеулері «Педология подростка» (1929—1931), «Проблема возраста» (1932—1934) атты еңбектерінде баяндалады. «Педология подростка» еңбегінде жеткіншек жастағы әртүрлі теорияларға нақты талдау жасалады. Бұл жұмысында жеткіншек жастың шекарасы сол уақыттағы көптеген теорияларда анықталғандай пубертаттың шекарасына сәйкес келеді. Өте ұзаққа созылатын бұл кезеңді ол маңызды деп қарастырып, Ш. Бюлерге сәйкес екі фазаны – позитивті және негативті бөліп көрсетті.

Л.С. Выготский өтпелі жастағы қызығушылық мәселесін жан-жақты қарастырды, оны «жеткіншектің психологиялық дамуының барлық проблемасының кілті» деп санады. Оның ойынша, адамның барлық психикалық функциялары дамудың әрбір сатысында, оның ішінде жеткіншек жасында жүйесіз, автоматты түрде, кездейсоқ емес, жеке тұлғаға бағытталған нақты ұмтылыс, әсер алу және қызығушылықтары бар белгілі бір жүйеде әрекет етеді [8, 6].

И. Кант атап өткендей, қызығушылық адамда ғана бар, жануарларда жоқ. Дәл осы себептен Л.С.Выготский қызығушылықтың пайда болуы оның биологиялық қалыптасуына қарағанда баланың әлеуметтік-мәдени дамуының мазмұнын құрайды деп санады. Л.С. Выготскийдің айтуынша, жеткіншек мінез-құлқының механизмі мүлде басқа ішкі және сыртқы әлемде әрекет ете бастайды, бұл жаста бір нәрсеге деген тартылыс қызығушылыққа айналады. Қызығушылықтар даму үрдістерінен тыс болуы мүмкін емес,- деп атап өтті ол. Жеткіншек жаста бұрынғы ескі қызығушылықтардың бұзылу, жойылу кезеңі және жаңа биологиялық негіздердің жетілуі орын алатын жаңа қызығушылықтар дамиды [8, 19-26].

Л.С. Выготский А.Б. Залкиндтің зерттеулеріне сүйене отырып, доминанттар деп аталатын жеткіншектердің ең жарқын қызығушылықтарын бірнеше негізгі топтарға бөлді:

- «Эгоцентрлік доминанта» - жеткіншектің өз тұлғасына деген қызығушылығы;
- «Алыстық доминантасы» - жеткіншектің болашаққа үлкен, ауқымды мақсаттарды орнатуы;
- «Күш-жігер доминантасы»-жеткіншектерде бұзақылық, қырсығу сияқты негативті көріністер орын алатын, қарсыласуға, жеңуге ұмылысы;
- «Романтика доминантасы» - жеткіншектердің белгісіз, қауіпті, шытырман оқиғалар мен батырлыққа ұмтылысымен сипатталады.

Бұл барлық доминанттар екі жақты және жеткіншектер дағдарыстарының позитивті және негативті фазаларында көрінеді, өйткені бір жағынан алдыңғы ұстанымдарды жоққа шығарады, екінші жағынан жаңаларын бекітеді.

Л.С. Выготский Ж. Пиаже сияқты жеткіншек жастағы ойлаудың дамуына ерекше назар аударды. Ойлауды дамытуда ең бастысы, Л.С. Выготский тұжырымдамасы бойынша, жеткіншектердің интеллектуалды қызметтерінің жоғары формасына, мінез-құлықтың жаңа тәсілдеріне әкелетін білім беру процесін меңгеруі болып табылады. Ойлау жеткіншек түсінігінде объективті қоғамдық сана әлемін, қоғамдық идеология әлемін ашады. Жеткіншек түсініктерді қалыптастыра отырып, өзін, өзінің ішкі әлемін жақсы түсіне бастайды. Сонымен қатар, оның назары басқа адамдарға ауа бастайды. «Ойлау біздің түсінігімізге – шындықты түсіну, басқаларды түсіну және өзін-өзі түсінуді әкеледі»,- деп жазды Л.С.Выготский.

Оның тұжырымдамасында жеткіншек жастағы интеллектуалды даму жеткіншектің психологиясында, оның жеке тұлғасында және дүниетанымында болып жатқан барлық өзгерістерді анықтайды. Баланың интеллектісі – бұл жадының функциясы, жеткіншектің жады – бұл интеллект функциясы. Бала есіне ала отырып ойлайды, жеткіншек ойлай отырып есіне түсіреді [8,132].

Адамда жеткіншек жаста болатын өзгерістерді А.Н.Леонтьев «тұлғаның екінші рет туылуы» деп атады. Жасөспірімдерге қатысты «екінші рет туылу» метафорасын қолдана отырып, А. Н. Леонтьев Г. С. Холлға емес, Ж.Ж. Руссоға «екінші рет туылу» деген сөз тіркесінің авторы ретінде сілтеме жасады, алайда бұл үдерістің мәні мүлдем басқаша екенін түсінеді. А.Н. Леонтьев былай деп жазды: «Тұлға шын мәнінде екі рет туылады: бірінші рет - бала полимотивацияның айқын формаларында және оның іс-әрекеттеріне бағыну кезінде, екінші рет-оның саналы тұлғасы пайда болған кезде . Соңғы жағдайда сананың ерекше өзгеруі орын алады» [9,211].

Жеке тұлғаның бастапқы қалыптасу кезеңінде бала тек қана әлеуметтік ортаның және ондағы қарым-қатынастардың әсер ету объектісі болып табылады, екінші төңкеріс оның субъектісіне айналуымен байланысты. Іс-әрекет теориясына сәйкес тұлғаның шынайы тууы барлық кейінгі психикалық даму барысын өзгертетін оқиға ретінде әрекет етеді. Енді өмір жолының әрбір бұрылысында адам бірдеңеден босатылуы керек және өзінің жеке өмірін бекіту арқылы өзінен бірдеңе жасау керек. Жеткіншектік жаста тұлғаның қалыптасуы өзін тұлға ретінде сезінумен тікелей байланысты. А.Н. Леонтьев адамның өзін-өзі тану проблемасы адамның өзі туралы білумен шектелмейді, өзін-өзі тану – бұл қоғамдық қатынастар жүйесінде өзін сезіну деп көрсетті.

Д. Б. Элькониннің зерттеулері туралы айтатын болсақ, екі идеяны бөліп алуға болады, біріншісі - жасөспірімдер кезеңі басталуының маркері ретіндегі ересектік сезім туралы түсінік, екіншісі - жетекші іс-әрекет туралы идеясы .

XX ғасырдың 60-шы жылдары Б. Элькониннің жетекшілігімен психологтар тобы кіші жастағы жеткіншектердің жас және жеке ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған үлкен зерттеу жүргізді. Бұл зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі «ересек сезім» деп аталған феноменді анықтау болды: оқушы бала емес екенін жіті сезінеді және ол, ең алдымен, ересектермен тең құқықтарды мойындауды талап етеді.

«Ересек сезімі-әлеуметтік сана ретіндегі өзіндік сананың ерекше түрі, ол өзінің негізгі мазмұны бойынша моральдық-этикалық болып табылады. Бұл мазмұнсыз ересек сезім өмір сүре алмайды, себебі жеткіншектің түсінігінде ересектік — бұл, ең алдымен, оған басқалардың ересек ретінде қатынасы. Бұл уайымдау — ересек сезім — жасөспірім жастағы тұлғаның дамуы үшін маңызды мәнге ие. Ол жасөспірімнің «балалар» нормаларынан «үлкендерге» қайта бағдарлауға, құндылықтарды, қағидаларды, нормаларды игеруге бағытталған белсенділігін ынталандыру ретінде әрекет етеді [10,279].

Д. Б. Эльконин жеткіншектердің дамуында объективті және субъективті ересектікті ажыратады:

Объективті ересектік баланың ересектер қоғамындағы өмірге олармен тең дәрежеде қатысушы ретінде дайындығынан көрінеді.

Субъективті ересек немесе ересек сезім жеткіншектің өзіне кішкентай ретінде емес, ересек ретінде қатынасының көрінуімен сипатталады.

Ересектік сезімнен басқа жеткіншектерде Д.Б. Элькониннің пікірінше ересектікке бетбұрыс байқалады: ересек болуға ұмтылу, ересек болып көріну, ересек болып саналу. Д. Б. Эльконин осы жасқа тән моральдық-этикалық кодексті бөліп, сипаттады. Ол жеке адамға деген құрмет, қарым-қатынас теңдігі, барлығына көмек, достыққа деген адалдықты қамтиды. Барлық осы нормалар жасөспірімдерде пайда болатын ересек сезімге сәйкес келеді.

Өз қатарластарымен қарым-қатынас-осы жастағы қызметтің жетекші түрі. Дәл осы

жерде әлеуметтік мінез-құлық нормалары, мораль нормалары игеріледі, мұнда теңдік және бір-біріне құрмет қарым-қатынасы белгіленеді.

Л.С. Выготскийдің шәкірті Л.И. Божович тұлғаның қалыптасуымен байланысты мәдени-тарихи теорияның бағытын дамытып, осы тұрғыда дамудың негізгі кезеңдерін, соның ішінде жеткіншектік кезеңді зерттеді. Л.С. Выготскиймен келісе отырып, жеткіншек жастағы ешқандай теория қандай да бір факторды есепке алу негізінде құрыла алмайды, ол осы жасты түсіну үшін «психикалық дамудың осы кезеңіне тән ішкі қозғаушы күштер мен қайшылықтар зерделенуі тиіс және интегративтік функцияны орындайтын және жеткіншектер жасындағы барлық симптомокомплексті, мұнда болып жатқан дағдарыстың табиғатын және оның феноменологиясын түсінуге мүмкіндік беретін орталық жүйенің жаңадан пайда болуы талданады» [11].

Л. И. Божович сондай-ақ өтпелі жас басында жалпы психикалық дамуында жаңа, неғұрлым кең көлемдегі қызығушылықтар, жеке әуестіктері және неғұрлым дербестікке, неғұрлым «ересек» позицияға ие болуға ұмтылу пайда болатынын атап өтті.

Л. И. Божович жеткіншек жасын сипаттай отырып, осы кезең ішінде баланың әлемге және өзіне деген барлық бұрынғы қарым-қатынасы бұзылатынын және қайта құрылатынын және өзін-өзі тану мен өзін-өзі анықтау үдерістері дамитынын жазды. Л.И. Божович жеткіншек жастағы басты жаңа қалыптасулар мотивациялық салада деп есептеді. Мотивациялық саламен оқушының адамгершілік дамуы тығыз байланысты, ол өтпелі жаста елеулі түрде өзгереді. Жеткіншектік жаста сенім жүйесі болып табылатын адамгершілік дүниетаным қалыптасады, бұл жасөспірімнің қажеттілігі мен ұмтылысының барлық жүйесінде сапалы ілгерілеуге әкеледі.

Өтпелі кезеңнің соңында пайда болатын тағы бір жаңалықты Л.И. Божович «өзін-өзі анықтау» деп атады. Субъективті тұрғыдан ол өзін қоғам мүшесі ретінде сезінумен сипатталады және жаңа қоғамдық маңызды ұстанымда нақтыланады. Өзін-өзі анықтау мектепте оқу соңында адамның алдында өз болашағының мәселесін шешу қажеттілігі тұрғанда пайда болады. Өзін-өзі анықтау болашақ өмірін қарапайым болжаудан, болашаққа байланысты армандардан ерекшеленеді [12].

Сонымен мақаламызда тұлғаның қалыптасуының ең жауапты кезеңі болып табылатын жеткіншектер жасындағы негізгі теориялар қарастырылды. Бұл кезеңде бұрынғы психологиялық құрылымның іргелі өзгеруі орын алады, тұлға айтарлықтай өзгереді, саналы әрекеттердің негізі бекітіледі, этикалық нормалардың негіздері, әлеуметтік қатынастар, өзіне, адамдарға, қоғамға деген көзқарастар қалыптасады деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, осы жаста мінез-құлық белгілері мен тұлғааралық қатынастардың негізгі формалары тұрақты бола бастайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Эриксон Д.Б. Избранные психологические труды / Под редакцией В.В.Давыдова, В.П.Зинченко. - М.: Педагогика, 1989.
2. Кле М. Психология подростка: психосексуальное развитие. / Пер. с фр. - М.: Педагогика, 1991.
3. Толстых Н. Н. Психология подросткового возраста: учебник и практикум для академического бакалавриата / Н. Н. Толстых, А. М. Прихожан. - Москва: Издательство Юрайт, 2019. — 406 с.
4. Бюлер Ш. Что такое пубертатный период // Психология подростка: хрестоматия. / Сост. Ю. И. Фролов. - М.: Российское педагогическое агентство, 1997.
5. Шпрангер Э. Эротика и сексуальность в юношеском возрасте // Возрастная психология: детство, отрочество, юность : хрестоматия / сост. и науч. ред. В. С. Мухина, А. А. Хвостов. - М.: Академия, 2008.
6. Авдулова Т.П. Психология подросткового возраста: учебник и практикум для академического бакалавриата / Т. П. Авдулова. - М.: Издательство Юрайт, 2017.
7. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис. - М., 1996.

8. Выготский Л.С. Педология подростка // Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6. т. Т.4. - М.: Педагогика, 1984.
9. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. - М.: Политиздат, 1975.
10. Эльконин Д. Б. Избранные психологические труды. - М.: Педагогика, 1989.
11. Божович Л. И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - СПб.: Питер, 2008.
12. Обухова Л.Ф. Возрастная психология: учебник для бакалавров / Л. Ф. Обухова. - М.: Издательство Юрайт, 2013.

А.Б. Ибраимова, А.Р. Ерментасева

Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Теоретические основы психологического развития подросткового возраста

Аннотация. В статье приводятся основные теории подросткового возраста, касающиеся важнейших этапов становления личности. Были проанализированы труды зарубежных и русских ученых, рассматривающих проблемы психологического развития в подростковом возрасте, концепции известных психологов, связанные с данным периодом, такие как теория рекапитуляции Г.С. Холла, культурно - историческая концепция Э.Шпрангера, эпигенетическая теория Э. Эриксона, когнитивная теория развития Ж. Пиаже и др. Также в статье описаны глубокие изменения условий, влияющих на индивидуальное развитие ребенка при переходе в подростковый возраст. К ним относятся изменения в физиологии организма, взаимоотношения со взрослыми и сверстниками у подростков, развитие познавательных процессов, возникновение новых интересов, интеллектуальное развитие подростков, появление «чувства взрослости», открытие собственного «Я» и др. В конце статьи сделаны общие выводы по основным теориям подросткового возраста.

Ключевые слова: теории подросткового возраста, подростковая матрица, рекапитуляция, эпигенетическая теория, теория когнитивного развития, подростки.

A.B.Ibraimova, A.R. Yermentayeva

L.N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, Kazakhstan

Theoretical foundations of psychological development of adolescence

Abstract. The article focuses on the basic theories of adolescence, which are the most important stage of personality formation. It has reviewed and analyzed the works of foreign and Russian scholars to the psychological development of adolescence, the history of the theory of this period, as the recapitulation theory of G. S. Hall, cultural - historical concept E. Spranger, epigenetic theory of E. Erikson, the cognitive theory of development piaget and others. The article also describes the profound changes that can impact on individual development of the child, during the transition to adolescence. These include changes in physiology, relationships with adults and peers in adolescents, the development of cognitive processes, the emergence of new interests, and intellectual development of adolescents, the emergence of a “sense of adulthood”, opening their own” I “, etc. At the end of the article shared with the conclusion on the main theories of adolescence. At the end of the article General conclusions are made on the theory of adolescence.

Keywords: theory of adolescence, teenage matrix, recapitulation, epigenetic theory, the theory of cognitive development, adolescents.

Reference

1. Erikson D.B. Izbrannyye psichologicheskyye trudy [Selected psychological works]. Edited by Davydov V.V., Zinchenko V.P. (“Pedagogika”, Moscow, 1989).
2. Cle M. Psichologiya podrostka: psichoseksual’noe razvitiye [Psychology of adolescents: psychosexual development].

Transl. from French (Pedagogika”, Moscow, 1991).

3. Tolstykh N.N. *Psichologiya podrostkovogo vozrasta* [Psychology of adolescence]: a textbook and a workshop for academic undergraduate / N.N. Tolstykh, A.M. Prikhozhan (Yurayt Publishing House, Moscow, 2019, 406 p.).
4. Buhler Sh. *Chto takoe pubertatnyi period?* [What is puberty?], *Psihologiya podrostka: hrestomatija* [Psychology of adolescents: an anthology] Comp. Yu. I. Frolov. (“Russian Pedagogical Agency”, Moscow, 1997).
5. Spranger E. *Erotika i seksual'nost' v iunesheskom vozraste* [Erotica and sexuality in adolescence], *Vozrastnaja psihologija: detstvo, otrochestvo, junost' : hrestomatija* [Age psychology: childhood, adolescence, youth: anthology] Comp. and scientific. ed. V. S. Mukhina, A. A. Khvostov (“Academy”, Moscow, 2008).
6. Avdulova T.P. *Psihologiya podrostkovogo vozrasta: uchebnik i praktikum dlja akademicheskogo bakalavriata* [Psychology of adolescence: a textbook and workshop for academic undergraduate] (Moscow, “Yurayt” Publishing House, 2017).
7. Erickson E. *Identichnost' : iunost' i krizis* [Identity: youth and crisis] (Moscow, 1996).
8. Vygotsky L.S. *Pedologiya podrostka* [Pedology of a teenager], *Collected Works: in 6. vol. Volume 4.* (Pedagogy, Moscow, 1984).
9. Leontiev A.N. *Deiyatel'nost', soznanie, lichnost'* [Activity. Consciousness. Personality] (“Politizdat”, Moscow 1975).
10. Elkonin D.B. *Izbrannyye psichologiceskie trudy* [Selected psychological works] (Pedagogy, Moscow, 1989).
11. Bozhovich L.I. *Lichnost' i ego formirovanie v detskom vozraste* [Personality and its formation in childhood] (Piter, St. Petersburg, 2008).
12. Obukhova L.F. *Vozrastnaja psihologija: uchebnik dlja bakalavrov* [Age Psychology: a Textbook for Bachelors] (Moscow, “Yurayt” Publishing House, 2013).

Авторлар туралы мәлімет:

Ибраимова А.Б. - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ерментәева А.Р. – психология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, А. Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ibraimova A.B. – Master’s Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Yermentayeva A.P. – PhD of Psychology, Professor of the Department of “Social Pedagogy and Self-Knowledge”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.